

СӘРСЕНБІ ДӘУІТҰЛЫ

Қазақ әдебиеттану ғылымының көрнекті өкілі, филология ғылымдарының докторы, профессор, ақын Сәрсенбі Дәуітұлы сексенге қараған шағында дүниеден озды. Шығармашылық өмірінің күндізгі жарығының тең жартысын Орталық Ғылыми кітапхананың, Ұлттық кітапхананың сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында, мұрағаттарда халықтың түрлі замандардан, қарағай басын шортан шалғандай ғасырлар аласапыранынан аман қалған мәдени-рухани ескерткіштерін, сөз өнерінің асыл үлгілерін іздеумен өткізді.



Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар сарайының қасиетті табалдырығынан аттаудың өзіндік шарттары бар. Біздің білуімізше, оған екі ғалымның бірі тәуекел ете алмады. Өйткені оған тәуекел ету үшін ғалымда ғылым алдындағы парызына адалдық, таудай талап, күндей ыстық қуат болуы шарт. Сарайдың төріндегі ақ сандықты екінің бірі аша алмайды. Өйткені оны ашу үшін ғалымда ғылым алдындағы парызына адалдық, таудай талап, күндей ыстық қуат қана емес, кілт, жай емес, алтын кілт болуы керек. Сәрсенбі Дәуітұлында ғылым алдындағы парызына адалдық та, таудай талап та, күндей ыстық қуат та, сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар сарайының төріндегі ақ сандықты ашатын алтын кілт те болды. Сәрсенбі Дәуітұлы таудай талаппен, күндей ыстық қуатпен осы қазыналы сарайдың биік табалдырығынан аттап, төріне шықты, алдынан ақ сандық ашылды...

Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорынан ғалым адамның өз іздегенін табуы оңай емес. Сәрсенбі Дәуітұлына кейде халықтың әдеби-мәдени ескерткіштерінің бірін табу үшін, бір елдің емес, бірнеше елдің

кітапханасын, бірнеше елдің қолжазбалар қорын парақтап қарауға тура келді. Шаң басып, сарғайған қағаздардың қалың қабатынан халық әдебиеті мен мәдениетінің баға жетпес қымбат ескерткіші жақұтша жарқ ете қалғанда, қуанған, мәз болған, көңілі көлдей шалқыған сәттері болды. Бірақ қуанып, мәз болып қала бермеді, тағы іздеді, және ізденді.

Қолжазба жәдігерді іздеп табу бар да, оны оқып, қазіргі жазу үлгісіне түсіріп, елдің игілігіне ұсыну бар. Екеуі де адамның асылынан, маманның асығынан ғана табылатын құрыштай берік қасиетті талап етеді. Сәрсенбі Дәуітұлының бойында құрыштай берік қасиет те тұнып тұрды.

Дүниедегі орудың қиыны – қолжазба жәдігерді оқу. Әр қолжазбаның жазылу кезеңіне, қолжазба авторы тұсындағы жазу тәртіптеріне, әдеби тіл нормасына, оның өзінің жазу машығына байланысты ерекшеліктерді табу мен танудың асу бермес асқар шыңнан асқандай қиындығы Сәрсенбі Дәуітұлының алдынан бір емес, әлденеше рет шықты. Ғалым сол қиындықтардың бәріне әдеттегідей, сыралғы ескі таныстарымен кездескендей қарады, маңдай терін ағызып, көзінің майын тамызып, құрыштай берік төзіммен үн-түнсіз, тапжылмай, қажымай-талмай еңбектенді.

Сәрсенбі Дәуітұлының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында өткізген жылдары жемісті болды. Ғалым қол жеткізген табыстардың тобында халық ауыз әдебиетін жинаушылардың қолжазбалары да, байырғы жазба жәдігерлер де мол еді. Оларды жанрлық белгілеріне қарай саралайтын болсақ, дастандар, қиссалар, аңыз-әңгімелер, ертегілер, мысалдар, жазба әдебиет үлгілері, т. б. болып жалғаса береді. Есім хан, Төле би, Абылай хан, Тезек төре және басқа тұлғалар туралы әдеби, ғылыми-көпшілік басылымдар үшін дайындалған қолжазбалар - өз алдына бір сала. Алаш арыстарының шығармашылық мұраларын жинап, құрастырып, баспаға дайындау жұмыстарының жөні бір басқа. Осылардың әрқайсысының шегіндегі үлгілердің өзі – қисапсыз мол байлық. Осы байлықтың ішінде ғалымның Мәшһүр Жүсіп Көпей баласының қолжазба мұрасын іздеп табу, жинастыру, оқу, қазіргі қаріп үлгісіне түсіру, құрастыру, алғы сөзі мен түсініктерін жазу, баспаға дайындау, зерттеу, насихаттау бағытында жүргізген жұмыстарының ұлан-байтақ кеңістігіне бүгінде таң болып, таңғалып қарауға болады.

Мәшһүр Жүсіп Көпей баласының қолжазба мұрасының мол бір тобы сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында «Мес» деп аталды. Бұл бір бес биенің сабасындай келісті, мол пішімді «Мес» еді. Сәрсенбі Дәуітұлы сол «Местің» ішіне түсіп, ондағы қазына-байлықты жылдар бойы парақтап жинап, әліппедей оқып жүріп, Мәшһүр Жүсіп Көпей баласының таңдамалы шығармаларының көп томын баспаға дайындады, екі томдық жинағын өз қолымен жарыққа шығарды. Бұл халықтың рухани қазынасына, мәдени мұрасына деген дара көзқарастың, сара ұстанымның, іргелі танымның нәтижесі еді.

XX ғасырдың соңына қарай халық Алаш арыстарының шығармашылық мұраларымен қайта табыса бастады. Бүкілхалықтық мәні бар осы істің ауыр

жүгін алдындағы аға буын өкілдерімен бірге арқаласып Сәрсенбі Дәуітұлы жүрді. Ол алаш ардақтыларының оттан - аман, судан сау қалған, шашырап, шашылған шығармашылық мұраларын жинау, қазіргі жазу үлгісіне көшіру, құрастыру, баспаға дайындау сияқты жұмыстардың салмағын қайыспай көтерісті. Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларын жинап, құрастырып (М. Жармұхамедовпен бірге), баспаға дайындау, түсініктерін жазу оңайға түскен жоқ. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында құрылған, құрамында институттың З. Ахметов, М. Базарбаев, Ш. Елеукенов, М. Жармұхамедов, М. Қаратаев, С. Қирабаев, Ш. Сәтбаева, Ә. Тәжібаев, Ә. Шәріпов секілді ғұлама ғалымдары бар редакциялық алқа құрастырушының ойларымен, пікірлерімен санаса отырып, Ш. Құдайбердіевтің жинаққа енетін өлеңдері мен поэмаларын, прозалық шығармалары мен қара сөздерін саралап, мұқият іріктеді. Жинақтың алғы сөзін жазған Әбділда Тәжібаев пен Шәмшиябану Сәтбаева автордың шығармашылық мұрасына, жинақтың құрылым-жүйесіне, әлеуметтік маңызына лайықты баға берді. Жинақ 1988 жылы жарық көрді. Жолсыз жазадан қапияда қаза тапқан қаламгердің шығармашылық мұрасы ел игілігіне айналды, оның мазмұны мен пішінін, жанрлық құрамын, көркемдік әлемін, әлеуметтік мәнін арнайы зерттеуге жол ашылды.

Ахмет Байтұрсынұлының шығармалар жинағына автордың өлеңдері, аудармалары және «Әдебиет танытқышы» мен Абай туралы «Қазақтың бас ақыны» мақаласы енді. Кітапты құрастырып, ғылыми түсініктерін жазған, баспаға дайындаған жауапты шығарушы Сәрсенбі Дәуітұлы Әди Шәріповпен бірге бұл жолы да ерен еңбек етті. Ахаңның жарты ғасырдан астам уақыт бойы жабылып жатқан еңбектерін жарыққа алып шыққан жинақ әдебиет пен әдебиеттанудың сол тұстағы жасынан қартына дейінгі өкілдерінің қолынан түспейтін қымбат қазынаға айналды, елдің әдеби-эстетикалық ойының жаңғыруына ықпал етті.

Сәрсенбі Дәуітұлының халықтың мәдени-рухани мұрасын, алаш ардақтыларынан қалған қазына-байлықты елдің игілігіне асыру жолындағы еңбегінің әлеуметтік маңызы өлшеусіз зор болды: халық алаш арыстарының шығармашылық мұрасымен табысты; көпшілік ел мен жер тарихы, батырлар мен билер, шешендер мен ақын-жыраулар, әлеумет өмірі туралы толып жатқан тың дерек көздерімен, халық ауыз әдебиетінің небір асыл үлгілерімен қайта табысты; әдебиеттану мен фольклористика соны серпін тапты; әдеби білім мазмұны жаңарды; қоғамдық-гуманитарлық ғылым салаларында үлкен ізденістер мен іргелі зерттеулер өріс алды; қоғамдық сана серпілді.

Сәрсенбі Дәуітұлы – біздің заманымыздың көрнекті ғалымы. Ғалымның зерттеу нысанының өрісі кең, кеңістігі ұлан-байтақ. Зерттеуші сол кеңістіктің кенді арнасымен қазіргі кезеңнен қазақ хандығы, Алтын Орда дәуіріне дейін барып, одан ескі түркі әдеби ескерткіштеріне жетіп тоқтайды. Жанрлық түр жағынан болмыстағы шындық оқиғаларды эпикалық, лирикалық, драмалық суреттеу амалдары негізінде жинақтаған көркем сөз үлгілерін таңдап, талғап

саралады. Хандық дәуірдің басты тұлғаларының өмірі мен өнегесі туралы тарихи аңыздар, шежірелер, жырлар, дастандар жайын байыптады, билер дәуірі әдебиетінің дара дарындарының келбетін жасады, ақын-жыраулар поэзиясын пайымдады.

Ғалымның ғылыми-зерттеу жұмыстарының маңызды бір арнасы – поэзия әлемі. Қазақтың үлкен ақыны Әбділда Тәжібаевтың поэзиясынан Қожа Ахмет Йасауи мұрасына дейінгі зерттеу мен зерделеу жұмыстары барысында ғалым қазақ әдебиеттануының ғылыми ойлар қорын жаңа, әлеуметтік маңызы үлкен негіздемелермен, тұжырымдармен байытты.

Ғалымның Әбділда Тәжібаевтың ақындық өнері туралы кітабы «Көңіл сазы» деген атпен жарық көрді. Зерттеуші ақындық өнер өрнегін барлай отырып, ақынның көркемдік әлемінің биігінде шарықтады, ақынның өмірі мен өнерін бірлікте байыптады. Ақын шығармасының ішкі мазмұнына, ішкі ырғағына, көңіл сазына тереңдеп, лирикадан эпикалық тынысты, эпикалық қарыштаудан лирикалық һәм драмалық хәлді сезінді, солардың бірбүтін болмысынан қаһармандық рух пен трагедиялық ахуал сарынын аңғарды. Осы аңғарғандары мен сезінген жайларын талдау мен таразылауда ғалым зерттеушіге тән жүйелі саралау сорабынан шықпай, ақын өнері туралы ақынша парлап ойлады, дәлелді ой мен сырлы суретті әдемі ұштастырып, әсерлі толғады. Зерттеушінің ғылыми ойлау машығындағы осы ерекшелік бірте-бірте оның дара һәм сара методологиялық ұстанымына айналды.

Сәрсенбі Дәуітұлы Қожа Ахмет Йасауиді тануға осындай ұстаныммен келді. Ал Қожа Ахмет Йасауиді тану оның даналық кітабын («Хикмет жинақ») қазіргі қазақ тіліне аударудан басталды. М. Жармұхамедұлы, М. Шафиғи, С. Дәуітұлы бірлесе жүргізген бұл жұмыс бірнеше сатыдан тұрды: а) «Хикмет жинақ» кітабының түпнұсқа қолжазбасын ертеде баспа көрген нұсқаларымен салыстырып оқу, түсіну, текстологиялық сараптау жүргізу, асыл нұсқасын баспаға дайындау; ә) «Хикмет жинақ» кітабын қазіргі қазақ тіліне аудару, аударманың түпнұсқаға сәйкестігін қамтамасыз ету; б) «Хикмет жинақ» кітабының алғы сөзін, түсініктерін жазу, сөздігін жасау.

«Хикмет жинақ» кітабын баспаға әзірлеуші шығармашылық топ өздерінің алдына автордың бір сөзінің де мағынасын өзгертпеу туралы талап қойды. Бұл талаптың ауыр салмағының бір жағы Сәрсенбі Дәуітұлына түсті. Алты жыр жинағын шығарып, тастап кеткен ақындықтың пайдасын Сәкен осы жерде көрді. Талап, еңбек, терең ой шығармашылық топтың жұмыс нәтижелерінің ойдағыдай сапалы болуына қол жеткізді.

Қожа Ахмет Йасауидің «Хикмет жинақ» кітабын саралап, сараптап оқу, оның мәні мен мәнісін пайымдау, аудармасын жасау биігінен қазақ поэзиясының даму жолдарына көз салғанда, Сәрсенбі Дәуітұлы қазақ әдебиеттануында бұған дейін арнайы қарастырылмаған, зерттеу нысаны болмаған өзекті және көкейкесті ғылыми мәселелердің тұтас бір желісін көрді, көкірек көзі жаңа бір жарық шашқандай күй кешті. Ғалым Ахмет Йасауи мұрасы және қазақ поэзиясы туралы іргелі зерттеуіне осылай келді.

Қожа Ахмет Йасауи шығармашылығын зерттеу үстінде Сәрсенбі Дәуітұлының былай деп толғанғаны бар: «Қожа Ахмет Йасауидің жаны қандай мөлдір еді, көкірегі қандай кең еді... Кіл адалдықтан, дарқан пейілден, аппақ нұрдан айрықша жаратылған жан ғой». Қожа Ахмет Йасауи мұрасын зерттеуге ғалым осы түсінікпен барып, Қожа Ахмет Йасауи туралы зерттеуін ғалым осындай түсінікпен түйді.

Сәрсенбі Дәуітұлының ғылымдағы жолы жарық. Ол Қазақстанның ғылымы мен білімінің дамуына, қоғамның ақыл-ой қазынасың баюына, елдің ынтымағының жарасуына үлкен үлес қосты.

Адамның асылындай аса жаннан артық көретін осы бір еңбекқор, ақпейіл азаматтың өмірдегі тұлғасына, өткерген өміріне зор құрметімді білдіремін. Марқұмның рухына Алладан рақым, Пайғамбарымыздан (с.а.с.) шапағат сұраймын. Артындағы бала-шағасына, туған-туыстарына, әулетіне амандық-саулық, құт-береке тілеймін.

Проф. Жанғара Дәдебаев
15.02.2026